


4 2007

9 к

ШАҢКӘРІМ

ЖУРНАЛЫНЫҢ
КІТАПХАНАСЫ
АМАНАТ



ЖОЛ ТАБАЛЫҚ
АҚЫЛМЕН





**«AMANAT» журналы кітапханасының
редакциялық кеңесі**

Роллан Сейсенбаев
(Қазақстан) —
Бас редактор —
Кенес басшысы

Әбіш Кекілбаев

(Қазақстан)

Анатолий Ким

(Ресей)

Аятолла Хьюбш

(Германия)

Валентин Распутин

(Ресей)

Владимир Берязев

(Ресей)

Иманғали Тасмағамбетов

(Қазақстан)

Клара Серікбаева

(Қазақстан)

Кэндзабуро Оэ

(Жапония)

Леон Робель

(Франция)

Мырзатай Жолдасбеков

(Қазақстан)

Мұрат Әуезов

(Қазақстан)

Мұхтар Құл-Мұхаммет

(Қазақстан)

Олжас Сүлейменов

(Қазақстан)

Пентти Холоппа

(Финляндия)

Ричард МсКейн

(Ұлыбритания)

Равиль Бухаров

(Ұлыбритания)

Синтара Исихара

(Жапония)

Тимур Зульфикаров

(Тәжікстан)

Шыңғыс Айтматов

(Қырғызстан)

**Қазақстан Республикасының
10 жылдығына арналады**

ШАҢКӘРІМ
ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

ЖОЛ ТАБАЛЫҚ
АҚЫЛМЕН

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БІР ТОМДЫҚ ЖИНАҒЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
ЖИДЕБАЙ • 2006

ББК 84 КАЗ 7-5

Қ 74

«АМАНАТ» ЖҰРНАЛЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері,
тарихы, фәлсафасы, білімі һәм діні

ХІХ ҒАСЫР ПОЭЗИЯСЫ

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат
министрлігінің жоспарына сәйкес шығарылып отыр

Қосымша оқу құралы ретінде
Қазақстан Республикасының Білім министрлігі ұсынған

Шығармаларды басылымға дайындап, көркемдеген
жобаның авторы Роллан Сейсенбаев

Құрастырушы редактор: Клара Серікбаева

Редакторлар: Әбеубәкір Қайранов
Асқар Сәбит

Көркемдеуші, беттеуші: Айтолқын Сейдахмет

Алғысөз: Әбділдә Тәжібаев
Шәмшиябану Сәтбаева

Соңғы сөз: Роллан Сейсенбаев

Кітапта Қазақстанның айтулы суретшілері М. Әлиқпаров
пен К. Шүкірбаевтың суреттері пайдаланылған

Ақынның әндерін нотаға түсірген музыка зерттеушісі
Талиға Бекхожина

Көркемдеуші редактор: Назар Роллан

ISBN 9965-611-33-5

ББК 84 КАЗ 7-5

К $\frac{4702250202}{00(05)-04}$

ISBN 9965-611-33-5

© Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен. 2006.
© Халықаралық Абай клубы. 2006.

КІТАП — ЕҢ САБЫРЛЫ ҰСТАЗ

Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: бірі — бейбітшілікті, екіншісі — руханиятты, үшіншісі — табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, бүкіл Әлемнің болашағы байлаулы.

Бола ма, жоқ па деген Адамзат тіршілігіне бағытталған Гамлет күмәні: егер біз оған мән беріп, құлақ аспасақ, адамзат алдында мәңгі шешілмес сұрақ болып қалатыны сөзсіз. Техникалық даму әлемде құлашын кеңге жайды, осыған орай адам да табиғатты құла қылуға барын салуда. Ұлы бабаларымыз қолдан соққан әлемдік мәдениет пен ойдың көзсіз мұхитын меңгеруде біздер олқы түсіп жатырмыз. Өкінішке орай, әлем халықтары бастарына төнген қатерді аңғаруда мешеулік танытуда. Интеллектуалдық және идеологиялық көзсіздік қоғамда болып жатқан ақиқаттан алыстатып, адамды апат жолына — моральдық, адамгершілік, рухани дағдарысқа белшесінен батырды. Үшінші мыңжылдық біздің ортақ үйіміз — Жер—бесігімізде төтенше өзгертулер енгізуді талап етеді.

Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен Кітап — мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ қару болып табылады.

Кітап — адамзат баласына ағарту һәм білім сыйлай береді.

Кітап беттерінде адамзат тіршілігінің сан қилы құпия сырлары сақталған.

Кітап — уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі.

Адамзат кітапқа өзінің қасиетті сезімі мен жан жылуын сеніп тапсырған. Кітап біздің алға жылжуымызда, катаклизмдардан арылуымызда, адамгершіліктің биік шыңына көтерілуде өлшеусіз ақыл қосады.

Кітап — ең сабырлы ұстаз.

Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның ара жігін айнытпай танып білуге үйретеді.

Халықаралық Абай клубының «АМАНАТ» журналы жанынан шығып жатқан 200 томдық Кітапхана Қазақстанның тәуелсіздігінің 10 жылдық торқалы тойына лайық тарту.

Отанымыздың болашағы — жастарға аманат қылып — Кітап қалдырамыз.


Мен Абай клубының адамгершілік әрекетін қолдаймын. Қазақтың көрнекті жазушысы Роллан Сейсенбаевтың «АМАНАТ» журналы мен 200 томдық Кітапхана шығарудағы ұлағатты бастамасына шын жүрегіммен қуанатынымды білдіргім келеді. Отанымыздың рухы мен мәдениеті үшін барын салған жазушыны Қазақстанның ұлтжанды, нағыз патриоттары қолдайтынына сенімім зор.

Жаңа басылымға ойшыл да, рахымды оқырман тілеймін.

«АМАНАТ» журналының 200 томдық Кітапханасы — Әлем халықтары әдебиетінің, өнерінің, тарихының, философиясының алғашқы томдары — дүниеге келуі тілге тиек етер, шын қуанар, үміт артар үлкен әлеуметтік құбылыс.

Кітапты аялайық, құрметтейік, кітапқа адал болайық!

Нұрсұлтан Назарбаев
Қазақстан Республикасының Президенті
14 наурыз, 2001 жыл Астана



ТӨРЛЕТІҢІЗ, АҚЫН АҒА!

Шәкәрім Құдайбердиев 1858 жылы 11 июльде (ескі стиль бойынша) Шыңғыс тауы бөктерінде қазіргі Семей облысының Абай ауданында туған. Оның әкесі Құдайберді Құнанбайдың үлкен бәйбішесі Күңкеден туған. Шәкәрім олардың немересі, яғни Абайдың немере інісі.

Құдайберді 1866 жылы 37 жасында дүниеден өткен. Шәкәрім өмірінің біраз жайы өз шығармаларында, әсіресе, «Мұтылғанның өмірі» деген поэмасында жазылған.

Бесімде оқу білсін деп,
Ата-анам берді сабаққа.
Жеті жаста жетім боп
Түскендей болдым абаққа.
Ардақты кенже жетім деп
Әлпештеді мені көп,
Надандыққа болды сеп
Қақпай ешкім қабаққа, —

деп бастайды ақын осы өлеңін. Шәкәрім «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресінде» былай деп жазды: «Мен пақыр өз әкем өлген соң ұлық атамыз хажы марқұмның тәрбиесінде қалсам да, бұрыннан ауылымыз, қыстауымыз бөлек болғанда хажы марқұм мені «жетім» деп аяп, қысып оқыта алмай, жетімді сылтау қылып, ойыма не келсе, соны істеп ғылымсыз өстім. Әйтсе де түркі танып, орысша хат танып қалдым¹». Шәкәрім біраз уақыт жастық қызығына түсіп, ойын-сауыққа, серілікке үйір болған, домбыра, гармонь тартатын өнері де бар, саяттық да қызықтырған.

¹ Құдайбердіұлы Шәкәрім. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі». Орынбор, 1911, 70 б.

Жастық кездің желіктерін ол кейін өкіне еске алады.

Алайда, білім-ғылымның қадір-қасиетін кештеу болса да терең түсініп, өз бетімен оқып, үйреніп, рухани қазыналарға көп үндіген. Өз елінің сөз мұрасына қоса, басқа жұрт асылдарын меңгерген Шәкәрім Абай мектебінен өтеді, оның кеңес-ақылымен өлеңдер шығара бастайды, поэмалар жазады. Оның жетімдік, жоқшылық көрмей, сауатты да сергек өсуіне ұлы Абай қамқорында болуы қатты әсер еткен. Шәкәрім Абай саясында саналы, талантты ақын болып қалыптасты. Ол Абайдың көзі тірісінде-ақ оның данышпан ақын екендігін алғаш танып, өлең өрнектерін арнады:

Кел жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берелік
Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал, енді олай болса, кімді аталық,
Қазақта қай жақсы бар, көз саларлық.
Шын іздесек — табармыз шыны ғалым!
Жалыналық Абайға, жүр баралық.

Ол қазақ қоғамының рухани өсуіне көмектесуді, жастарды ғылым-білім, өнер-өнегеге баулуды мұрат тұтады. Қырық жасқа таянған шақта ол поэзиямен бірыңғай шұғылданып, «Қазақ айнасындағы» көптеген өлеңдерін шығарады, поэмалар жазады, олардың көпшілігі әлеуметтік, гуманистік, ағартушылық арнадағы туындылар еді.

Шәкәрім өмірінің есею жылдарында қалыптасқан қасиеттерінің бірі — өз бетімен білім өрісін кеңейтуі, бірнеше тілдерді: араб, түрік, парсы, орыс тілдерін меңгеріп, қазына қорына еркін бойлап, осы тілдердегі шығармалардың кейбірін қазақ тіліне аудару өнерін игеруі екенін айтқанбыз. Адамдардың сана-сезім мәдениетін көтеру, оқу-өнерге ынталандыру мақсатымен Шәкәрім талай төл шығармаларымен қоса, басқа халықтар рухани байлығына бойлағанда олардан азаматтық ортақ, ұқсас ой жүйелеріне қанықты, дүниетанымы кеңейе түсті. Шығыс классиктерінің біразының шығармаларын қазақ тіліне аударды. Пушкиннің «Дубровский» атты әлеуметтік-тұрмыстық романын, «Боран» повесін, Толстойдың жекелеген әңгімелерін қазақ тіліне өлеңмен аударды. Көршілес, аралас-құралас болған орыс халқының тарихы, ғылымы, мәдениеті мен әдебиетіне деген көзқарасы «Дубровский» аудармасының кіріспесінде тұжырымдалған.

Революциядан бұрын Ш. Құдайбердиев қазақ зиялыларымен, орыс интеллигенциясымен жақын таныс, пікірлес болған, олармен бірге қоғамдық маңызы бар істерге араласқан. Мысалы, Императорлық Гео-

графиялық Орыс қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесіне Шәкәрім мүше болған.

Шытырман қайшылыққа толы қоғам өмірінің қатпарына еркін бойлап, таланты шалқи түскен шақта Шәкәрім рухани тірегі-сүйеніші — Абайдан айырылды. Сүйікті ағасы, ұстазының дүниеден өтуі оған қатты әсер етті. Енді ақынның айналасында ой-өрісі озық, дарынды адамдардың аз болуы, болса да бытыраңқы жүрген сәттерде Шәкәрім сынды ерен тұлға бір сәт қоғамнан бөлектеу болуға бел байласа, оның ешбір сөкеттігі болмасқа керек. Адамға, оның ішінде творчестволық ой адамына бір мезгіл тыныштық, өз-өзімен болу, ой-сезім дүниесіне бойлау, өмірден алған әсер-тұжырымдарды жүйелеу, содан барып талай көркем шығармалар туатыны тарихта аз ба. Мысалы, ағылшын әдебиеті тарихында романтик адамдар Колдридж, Саути, Вудсворд қоғам өмірінен мүлде аулақ, табиғат аясында, тау, орман, өзенді жерлерді ұзақ уақыт мекендеген, оларды «Озерная школа» — «Көл мектебі» деп атайды. Олар қаншама шығармалар дүниеге келтірген. Шәкәрім де солар іспетті. Өмірінің кейбір жылдарын ол өмір сұмдықтарынан аулақ, табиғат аясында тыныш өмір сүруге бел байлағанын неше түрлі саққа жүгіртіп, өсек-өтірік, жала жауып, тіпті, саяси оң беруге тырысу сол кезде де, кейін де болғаны әділетсіздіктің бір көрінісі еді. Сол кеселге қарсы Шәкәрім өзі былай деп жазған еді:

Кейбіреулер безді дейді елден мені —
Есалаң айтады екен сезіп нені.
Хақиқатты танытын баста ми жоқ,
Ондайлардың сау емес анық дені.

Мен жалғыз, сендер елде қойдың қалып,
Ешкімнің кеткенім жоқ малын алып.
Елу бес жыл жинаған қазынамды
Оңашада қорытам ойға салып.

Зорлық, зомбылық етек алған кездегі ел жайын суреттеу, жақсылыққа, әдеттілікке үндеу, білім-ғылым арқылы адамдардың сана-сезіміне, наным-намысына, іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына әсер ету, сөйтіп, қазақ ортасын жақсартуды мақсұт еткен Шәкәрім:

Алаяқ сұмдарға ерсең, болмас жолың,
Қазағым-ау, қазағым қайнар сорың.
Өнер-ғылым үйренсең, еңбек етіп,
Мазақ болмай елдікке жетер қолың, —

деп тұжырымдайды. Қазақ елінің ғылым мен мәдениет өріне көтерілуіне үлес қосуды көздеген ақын енді қауымға, қоғамға сөз өнерімен ықпал етуді

көздегені оның «Ақындарға», «Ажалсыз әскер», «Ескі ақындар», т.б. туындыларында айтылған.

Шәкәрім 1905–1906 жылы хажыға сапар жасап оралады. Бұл сапарды ол көптен ойлап жүрген мақсаттарының бірі — Стамбул кітапханаларындағы асыл мұраларды оқуға, тарих тереңіне үңілуге пайдаланған.

Алайда, тыныштық жағдайда өмір сүріп, творчестволық еңбекпен алаңсыз шұғылдануына дұшпандары, бай қалдықтары, молдалар, ойы таяз белсенділер мүмкіндік бермеді. 72 жасқа қараған шағында Шәкәрім сол сұмдықтардан аулақ болуға, табиғат тыныштығы аясында өмір сүруге тағы да бел байлап, Шыңғыс таулары бөктерінде оңаша тұрады. Оның қасында өмір тауқыметін бірге көрген серігі Әупіш қана болған, оған арнап ақын «Серігім жалғыз Әупіш қасымдағы» деген өлең шығарған:

Серігім жалғыз Әупіш қасымдағы,
Ертеден жолдасымсың жасымдағы.
Таза жүрек, ойында арамдық жоқ
Қайғымды сен ұғасың басымдағы...

Әупіштің үнемі қасында болуын адам еркін байлау сияқты сезінген Шәкәрім «ойласам, еркінді мен алдым неден, елге бар, рұхсат бердім ырзалықпен, қош, Әупіш, айырылысам сеніменен» деп рұхсат етеді.

Сөйтіп, бар серігі, өзі айтқанындай — қалам мен қарындаш, «Қажымайтын кәрілік жеңгенше» бүкіл шаруаны өзі істеп, оңаша жүрген қарт Шәкәрім туралы қаныпезер «ол бандиттермен сыбайлас», «есі ауған» деген сияқты өтірік-өсек, қауесет-лақап таратып, оны түрмеге де жаптырады, алайда, оның бәрі жала екені анықталып, Бақанас түрмесінен босатылады. Өмірінің соңғы жылдары мен күндерін тауда жалғыз өткізіп жүрген жетпіс үштегі Шәкәрім 1931 жылдың 2 октябрінде дүниеден кетті.

Зұлымның, сұмның қолынан асыл адам қаза тапты. Қаныпезерлер оның сүйегін құдыққа тастайды, туыстары кейін мүрдесін тауып жерлеген. Кісі өлтірген жауыздар қылымыстарын бүркеу үшін оның соңынан неше түрлі жала жауып, қара қағаздар жазып «шегелеп», Шәкәрім атын тарихтан өшіруге бар күштерін аямаған. Қанышерлерді жазалаудың орнына, оларды қолдаушылар табылған. Өмір бойы ақ пен қара, әділдік пен зұлымдық алысып келсе, сол зұлымдықтың бір құрбаны Шәкәрім болды. Оның аты да, бай мұрасы да зұлымдық шырмауынан көпке дейін шыға алмады. Оған ұзақ жылдар бойы буржуазиялық ұлтшыл «Алаш» партиясының қызметіне, Совет өкіметін орнатуға қарсылар тобына — бай-кулак элементтерге қатысы бар делінген кінә тағылды, оның аты аталмайтын болды.

1958 жылы ССРО-ның бас прокуроры Шәкәрімді толық ақтады. Онда «Шәкәрім атына кір келтірген деректер жоқтығынан ақталғаны»

мәлімделінді. Ш. Құдайбердиев атына кір келтірер деректер жоқтығын, тазалығын растаған ресми мәліметке қарамастан, оның аты мен шығармаларын халыққа қайтаруға тағы да кедергілер кездесті. Бірақ, халық оны ешуақыт ұмытқан емес.

Шәкәрім творчествосының басым көпшілігі — поэзиялық шығармалар. Сөз өнерінің осы байырғы түрі — поэзияда, ең алдымен, адам өмірінің қат-қабат қыры мен сыры, қуат берер қуанышы мен қартайтар қайғысы, алға тартар арманы мен жетелер үміті, сәулелі серпін туғызар мұрат-мақсаттары — баршасы көркем бояулармен, сан қилы ою-өрнегімен көрініс табатыны хақ. Шәкәрімнің поэзиялық шығармаларының мазмұны да бай, сала, түрі де мол. Егер тақырыптық және жанрлық мазмұн тұрғысынан қарасақ, Шәкәрімнің поэзиясында азаматтық лирика да, философиялық лирика да, махаббат лирикасы да, табиғат лирикасы да бар, ода, элегия, сонет, тарихи баллада, халық өлеңдері түрінде жазылған шығармалар да кездеседі. Бұл жағынан Шәкәрім қазақ лирикасын айтарлықтай жаңғыртып, байытты, поэзия мәдениетін дамытты.

Шәкәрім өзінің өлеңдер топтамасының алғашқы басылымына «Қазақ айнасы» деген образдық бейне қолданғаны тегін емес. Бұл сөз өнері — өмір сәулесі, өмір суреттемесі деген ақынның биік те, терең философиялық әрі эстетикалық түсінік-ұғымның көрінісі еді. «Қазақ айнасы» ақын бұрын жазған өлеңдерін сұрыптап өзі жүйелегендігімен, өзі бастырғандығымен де қымбат.

Шәкәрім ақындық міндетті биік бағалай келіп, өз кредосын ұсынған ақын:

Өлең айт дарын өрге өрлегендей,
Сезімді қозғап, тәтті ойды кернегендей.
Жанды сөз бойды ерітіп, маужыратып,
Әдділеп жыр бесігі тербегендей.
Үйіріліп көкейіне ұйып жатсын,
Тазартып жүрек кірін жуып жатсын.
Қаңсыған шөл даланы қанықтырып,
Жыр тасып дариядай құйып жатсын.

Шәкәрім мұрасында эпостық жанрдың бір түрі, белгілі бір оқиғаны өлеңмен баяндайтын, сюжетке құрылатын шығармалар — поэмалар елеулі орын алған.

Ақыл мен ақындық қуаты толыға бастағаннан Шығыста «Ләйлі—Мәжнүндерді», Батыста «Ромео—Джульетталарды» танып, іштей түлеген, жаңа бір дүниелерді жарқ еткізсем деп құлшынған ақын сол кездегі ел аузында аңыз, ел көзінде елес боп жүрген дастан-трагедияға сұранып тұрған, өзіне бала жасынан қанық Қалқаман—Мамырға жабысты.

Қазақ даласының шындығын тарихи тұрғыдан да жақсы таныған Шәкәрім екі ғашықтың өмірлік трагедиясын бүкіл трагедиямен шебер жалғастырады.

Ал бұл дастаннан кейін туған «Еңлік—Кебек» — Шәкәрім Құдайбердиевтің жаңа белесі, жаңа шыңырауы. Біз енді дүниеге ғашықтық үшін, ынтызарлық үшін ғана туған жүректері шұғылалы, ақ ниеттері аппақ, армандары раушан гүліндей таза, көктем көбелегіндей күнәсіз Еңлік—Кебекпен беттесеміз. Өздері де, өзара сөйлескен сөздері де ағылып тұрған ән, төгіліп тұрған жыр секілді. Жастар әрбір оқырманның жан сырындай, өз қиялы, өз мұратындай сезіледі. Осындай ай мен күндей тоғысқан ғашықтар енді-енді ғана бірлесіп, өмір сүре бастағанда бұлар да қыстай суық, тастай қатал жауыздық аранына ұшырасады. Ол қаталдықты біз бірде рушылдық, бірде байшылдық, патриархалдық деп атаймыз. Бәрін қосып айтқанда — ол бір қауымның әр кезеңде ілгері басқан қимылына қарсылық, дұшпандық. Шәкәрім осы дұшпан топтың адамдарын даралап көрсетті. Олардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін, бет-пішіндеріне, қасқыр қылықтарына дейін суреттеді. Біз әдеттері бұзық, салттары қисық, ойларына жауыздық-мейірімсіздік қана ұялаған, ұлын сатып құлдыққа қиятын, шалдарының бетінен ұяты өшкен, қолдарын адам қанына малғандар портреттерін көрдік.

Поэмада халық — ғашықтар тілектесі. Махаббат үшін өлімнен іркілмеген, ерлік шыңына көтерілген екі жас жұрт көзінде аңызға, әнге, күйге айналды. Біз, бүгінгі қауым адамдары да «Еңлік—Кебекке», оны жырлаған Шәкәрім ақынға қайран қаламыз, оларға қызыға, қызықтай қараймыз.

«Еңлік—Кебекті» өзінің атақты драмасына айналдырған, сол арқылы тұңғыш драмашымыз болып танылған Мұхтар Әуезов те Шәкәрім рухына қарыздар екенін ұмытқан емес. Біз мұны да бүгін жас қауым үшін айта кетуіміз керек.

«Ләйлі—Мәжнүн» Шәкәрімнің шығыс алыптарымен жарысқа түскенде көтерілген жаңа биігі, жаңа тауы десек те болады. Бұл тау қазақ даласына түгел көрінген қарлы шыңы, қара орманы, тасқын өзендерімен, барлық ғажайыптарымен көрінген бүкіл халқымызды қуанышқа бөлеген биік еді.

Біз кешегі аталарымыз жырлаған «Қозы Көрпеш—Баян сұлудың» ұлы махаббатын қабылдадық.

Біз махаббат жарығын ту ғып көтере білетін, ұлы махаббат құмарлығын идеал қылып алатын керемет ірілік таптық.

Физули, Низами, Науаиларды өз тілдерінде оқитын халықтардың дәрежесіне көтерілдік.

Сөйтіп, Шәкәрімнің басқа поэмаларына тоқтап жатпай-ақ, осы шығарманы алғанның өзінде, оның ақындық тұлғасы аса іріленіп, біздің поэзиямыздың тарихын да ірілендіреді.

Ш. Құдайбердіұлы қазақ прозасы дамуына да едәуір үлес қосты. Шәкәрімнің прозалық туындылары — тарихи, ғылыми, философиялық шығармалары — шежіренама «Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі», «Мұсылмандық шарты», трактаттары, «Бәйшешек бақшасы» әңгімелер топтамасы, «Қайғылы роман» деп атаған шығармасы, «Мәңгі сөздер» афористік топтама, «Шын бақтың айнасы», «Мен жетпіс екі жасқа келгенде» тағы басқа толғамдар қосылды. Бұлардың әрқайсысында өзіндік идеялық-көркемдік салмақ бар, бір адам болмысын, тағдырын жан-жақты суреттеуге тырысушылық, бірде күнделікті өмір құбылыстарының кейбір көріністері, сыр-сипаттары арқылы толғамды ой жүйеленуі кездеседі.

Қазақ әдебиетінің басқа халықтар әдебиеттерімен байланысты дамуына Шәкәрім әкелген қазына ұлан ғайыр. Ол өз заманының ақыл-ой даму дәрежесінде бола алғандықтан, бірнеше тілді: араб, парсы, түрік татар, өзбек, орыс тілдерін жетік меңгергендіктен, көптеген халықтар ғасырлар бойы қалыптаған рухани қазыналарға еркін бойлап, терең білуі нәтижесінде бірсыпыра туындалырды қазақшаға аударып, халық игілігіне айналдырған. Шәкәрімнің көркем аударма принциптері мен жүйесінің өзі — үлкен рухани тәжірибе, тағылым, үлгі. Шығыс классиктерінің, атап айтқанда «Ләйлі—Мәжнүн» поэмасының Физули жырлаған нұсқасын еркін аударып, төл шығармадай етуі, Хафиздің бірнеше өлеңдерін қазақ тіліне аударуы — бүкіл Шығыс әдебиетіндегі назира дәстүрін Шәкәрімнің қазақ тіліне аударуы Шәкәрімнің қазақ топырағында өнімді дамытуы болды. Шығыс классикасының кейбір үлгілерін қазақ тіліне аудару арқылы Шәкәрім ұлт әдебиетінің, ұлт көркем сөзінің көкжиегін кеңейте түсті.

А. С. Пушкиннің «Дубровский» романын, «Боран» повесін қазақ тіліне өлеңмен аударуы оның творчествосында ғана емес, қазақ әдебиеті және мәдениеті тарихында елеулі оқиға болды.

Пушкин мұрасының қадір-қасиетіне бойлау оңай шаруа емес, білімдарлықты, интеллектуалдықты қажет етеді. Шәкәрім Пушкин поэзиясын «Күннің көзіне» балайды, осы бір қанатты сөзді кейінгілер де жиі қолданған-ды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының Л. Н. Толстойдың «Ассирийский царь Асархадон», «Три вопроса», т.б. әңгімелерін «Асархадон патша», «Үш сауал» деп қазақ тіліне аударған. «Үш сауал» еркін аударылған, соңында қазақ ақыны қорытынды өлең қосқан:

Адамшылық іздесең бұл жолға түс,
Алдау қылма, біреуге қиянат күш.
Жетілсең де жемтік жеп, ел қорлатпа,
Ар, ынсаптың сүйгені — таза жұмыс.

Шәкәрімнің орыс классикасынан аудармасы оның ағартушылық-гуманистік, демократияшыл көзқарастары мен таным-бағыттарына сәйкестендірілген. Осы бағыт тұрғысындағы Шәкәрім әлем әдебиетінің кейбір үлгілеріне де үңіледі. Өзін толғандырған бірсыпыра өмір құбылыстарының, әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтардың, шиеленістердің сырына бойлап, шешімін іздеген уақыттарында Шәкәрім бірде философ Шопенгауэрдің толғамдарына тоқтайды, бірде сонау қиыр елде — Америкада адамдарды, негрлерді құлдану, бас еркінен айыру сұмдықтарын бейнелеп, оны жою мүмкіндіктерін іздеп, зар қаққан американдық жазушы Бичер Стоу Гарриеттің әлемге әйгілі «Том ағайдың лашығы» романына аялдап, көптеген ой-үндестіктер, сәйкестіктер кездестіреді. Шәкәрімнің өлеңдерінде, поэмаларында тарихи, философиялық трактаттарында Шығыс пен Батыс елдердің талай ойшылдарының аты ғана аталып қоймайды, сонымен бірге мазмұн-мәні ашылып, кейде бірсыпыра пікір-ой жарыстырылып отырады. Бұл да Шәкәрім мұрасының айтарлықтай мәнді өзгешеліктерінің бір қыры.

Бір адамның (ақынның) өз басындық өлең-шежіресін оқып отырып, екі ғасырдың түйіскен тұсындағы халық шежіресін қайталағандай боламыз. Хроникалық хабар-есеп түрінде жазылған қарапайым жырда бізге барлық шынымен, сырымен көрінетін ғажайып, бір образ бар, ол — Шәкәрімнің өз бейнесі мен тұлғасы.

Абай қасындағы инабатты, ұстаз қадірін білетін балғын жастан басталған адам қимылы бір тынбайды. Оның мол білімді, жақсы үлгіні сонау араб, Европа, Азия қалаларынан іздей жүріп, іштей түлеген, іштей молығып, байыған тұсында қазақ қауымына жаңа бір жарық көтерген күшті тұлғаның қосылғанын көріп, сүйсінеміз.

Ол өзінің биографиялық жырында бір ауыз өтірікке саярлық асырыңқы сөз айтпайды. Кімдер өзін алдады, қалай алдады, не үшін опық жеп, бармағын шайнады, осының бәрін егіліп-төгіліп, ағыла-жарыла отырып жырлайды. Біз де соның бәрін егіле-төгіле отырып тыңдаймыз. «Жарықтығым-ай, жарық жұлдызым-ай» дейміз еріксіз.

Дүниенің барлық көріністерін, адам өміріндегі мың алуан құбылыстарды бүкіл болмысымен, барлық жүйке-сезімімен қабылдай білген ақынның түйсігінде шек жоқ. Ол жердің сырын, желдің үнін, құстың әнін, адамның арман-қиялымен, мұңымен бірдей түсінді. Біз оның өлең ырғақтарынан өзіміздің жан ырғағымызды таптық. Бұл — ақындықтың ең қымбат қасиеті. Оқушысын өлең толқынымен еріксіз еліктіре алмаған ақын — ұзақ жасай алмайтын өлеңші ғана.

Он саусағынан өнері тамған, жаратылыс барлық шеберлікке жетуді қалап тұрған Шәкәрім өлең-жырын үшкірлей, ұшқырлай түсу үшін олардың көбіне ән де жазады. Бұл да ақынның керемет өзгешелігі, ой мен сезімді қосақтай алғыштықтың айқын мысалы, талант дәрежесінің биіктігі.

Тағы да қайталаймыз: өмір бойы бір рет жалған сөйлей білмеген ақын «не істеуіміз керек?» — дегенді түсіндіру үшін көбінесе «не істеуім керек?» — деген сұраққа жауап берді. Ол жырларымен жақсылықпен жамандықтың тегін танытты, сұлулықтың, әділдіктің не нәрселермен, қандай құбылыстармен жарасқанда көрік табатын тектерін көрсетті. Бақыттылық не, бақытсыздық не? Бақыттылықтан неге бақытсыздық туады? Әйтпесе бақытсыздықтан бақыттылық қалай шықты? Осының бәрін ол өз өмірінің мысалдарымен баяндады. Адам өміріне араласар, адам тағдырына сан түрлі қозғау салар неше алуан себептер бар екенін де біз Шәкәрім өмірі арқылы көрдік. Ол бізді жырымен жалған жарықтарға алданбауға, болмашыны, бұлдыр мен сылдырды малданбауға оқытты.

Ғажап-ақ қой! Сырт көркі мен даналығы бірдей сұлу, көзіне күн толы, көңіліне жыр толы ақын бізге, біздің заманға жетті. Сүйікті, бақытты халқының алдына шығып, барлық даусымен:

Бұл ән —
 Бұрынғы әннен өзгерек,
 Бұған —
 Айтатын жаңа сөз керек,
 Өзіне орайлы.
 Денең —
 Жан нұрлы болса жөнделмек,
 Өлең —
 Әнге өлшеп айтса, өңделмек,
 Ұйқасқа қолайлы.
 Ән — өлшеуіш,
 өлең — күміс,
 Қоспаңыз мыс аралас.
 Артық алу,
 не кем салу,
 Қапы қалу жарамас.

Бір өлеңнің бойында осыншалық философиялық ой, ақындық тебіреніс, музыкалық әсемдік тоғысуы поэзия әлемінде сирек кездесетін нәрсе. Біз бұл әнді ақынға қосылып тұрып, бүкіл қазақ еңбекшілері бірге айттық, көркемдіктің ұранындай ұғынып айттық. Өлең өзінің жаңа өлшемі, тың ырғақтарымен, уақытқа сай келісімді интонациясымен поэзиямыздың шеберлік өнерін, мәдениетін бір көтеріп тастады. Бүкіл зиялы жұртшылық, бүкіл жырқұмар, әнқұмар халық қарт жыршысына қызыға, қызықтай қарады.

Ал, жаман көздер... Адалдық, әділдік дегенді өмірінде танып білмеген, пәк тазалықты кірлеуге ғана құмартқан шындыққа сенбеуге, оны сыйламауға бекінген көздер ше? Олар ақынға жаудың, қасқырдың

көзімен қарады. Күнделік уақытын үнемдеп, тек поэзияға арнау үшін ауылдан жырақта, у-шудан аулақта жатқан ойшыл жанға аңду, пәле жабу жұмысын ғана арнады. Ізіне түскен екі сұмырайдың өзі жоқта үйін тінтіп, тіміскілеп жүргенін байқаған Шәкәрім:

Жүр едім сол екеудің ізін шалып,
ГПУ-дің солдаттары келіп қалып,
«Қашқынмен хабарласып жүрсің ғой?» деп,
Әкетті Бақанасқа ұстап алып, — дейді.

Бұл ақынның өз аузымен, өз өлеңімен халық алдында, тарих алдында ең соңғы айтқан мәлімдемесі.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі, мол әдебиет мұрасының мазмұны мен жанрлық түрлері, бағыт-бағдарлары мен әдіс-өрнектері тірі кезінде де, кейін де зиялылар назарында болғаны, баспа арқылы бұрынды-соңды ой-пікір, тұжырым айтылуы келешекте ақынның творчестволық әрі ғылыми өмірбаяны зерттелуіне жәрдем тигізері аян. Біршама хронологиялық принцип бойынша шолуға көшсек, Шәкәрім аты ең алдымен Императорлық Географиялық орыс қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесінің 1902–1910 жылдар арасындағы есебінде атаулы деуге болады. Онда осы бөлімшенің 131 толық мүшелерінің қатарында «Семей уезінің Бұғылы болысының қазағы Шәкәрім Құдайбердин» делінген де осы қоғамға 1903 жылы мүшелікке алынған, 1907 жылы шыққаны айтылған². Бұл аталымның ақын өмірбаяны, өмір сүрген дәуірін, араласқан адамдарын, ортасын, осы кездегі ой-өріс, пікір-тұжырым қалпы мен бағыт-бағдарын, тағы басқа жайларды тереңірек зерттеуге жәрдемін тигізері хақ. Қоғамға мүшелікке алынғанда Шәкәрімнің өзі толтырған анкета, өмірбаян қағаздары сақталуы да мүмкін. Бұл аталым сол кезде Шәкәрімнің қоғамдық ой-пікір ағымының ортасында болғанын, қазақ, орыс, татар халықтарының көзі ашық оқығандарымен қатар, аралас, қызметтес, пікірлес, мақсаттастығын аңғартады.

Шәкәрімнің өзгеше бітімін, биік мақсұтын, ақыл-ой тереңдігін, толғандыратын тұжырым ауқымы кеңдігін алғашқы танып, қадірлегендердің, өлеңге арқау еткендердің бірі ғажап ақын, ойшыл Сұлтанмахмұт Торайғыров болды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы қалдырған мол мұраның идеялық мазмұн байлығы, тақырыптық ауқымы, жанр молдығы, көркемдік әсерлілігі, стильдік өзгешеліктері, тілдік шеберлілігі, басқа да толып жатқан сыр-сипаттары, сан алуан қырлары әдейі, дәйекті зерттеулер кезі енді келді. Қоғамдық ғалымдардың сан саласындағы мамандар бұл мұраны комплексті ғылыми зерттеуге кіріссе, таяу жылдар арасында іргелі

²Летопись Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Имперского Русского географического общества 1902–1910. Семипалатинск. 1911. С. 90.

еңбектер де туар деп үміттенуге болады. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының жиналуы текстологиялық зерттелуі нәтижесінде канонды текстері жүйеленіп, қазақша және орысша алдымен көпшілік, содан соң академиялық басылымы шығуға қажет. Ақынның өмірбаяны, өскен ортасы, заманы, туындылары, оларға қатысы бар материалдарды іздеу, зерттеу ісі жүргізіле бермек, мұраны зерттеудің ғылыми бағыттары анықтала, нақтылана түспек. Ақынның азаматтық, творчестволық және ғылыми өмірбаяны жазылуы қажет.

Шәкәрім Құдайбердіұлы қалдырған әр қырлы мұра идеяларын, мақсат-мұраттарын іске асырысуға қызмет ететіні хақ.

Төрлетіңіз, ақын аға, қымбат бауыр!

ӘБДІЛДӨ ТӘЖІБАЕВ,
ШӘМШИЯБАНУ СӘТБАЕВА

1988 жыл